Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2020

**БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП**

# Сабақ жоспары "Ң дыбысы мен әрпі"

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 18.02.2020 | https://bilimger.kz/50900/ |

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

| | |
|---|---|
| **Күні:**<br>**Сынып:** | **Мектебі:**<br>**Мұғалімнің аты-жөні:**<br>**Қатысқандар саны:**<br>**Қатыспағандар саны:** |
| **1 — БӨЛІМ.ӨЗІМ ТУРАЛЫ.**<br>**Сабақтың тақырыбы:** | Мен кіммін**?** |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 1.1.2.6  Өзін  мектеп оқушысы  және сынып  ұжымының  мүшесі  ретінде сипаттау. |
| **Сабақтың мақсаттары** | **Барлығы:** өзі туралы қарапайым сөзбен әңгімелеуге үйреніп бір-бірімен танысу.<br>**Көпшілігі:** адамдардың ұқсастығы мен жеке ерекшеліктері туралы түсіну<br>**Кейбіреуі:** мектептегі іс-әрекеттерге, әдептер мен тәртіпке қатысты ережелерді қолдану.. |
| **Бағалау критерийлері** | Мектептегі іс-әрекеттерге, әдептер мен тәртіпке қатысты ережелерді  қолдана алады.<br>Адамдардың ұқсастығы мен жеке ерекшеліктері туралы түсінеді<br>Өз есімдеріне байланысты теңеу сөздер  айтады. өзі туралы<br>қарапайым сөзбен әңгімелеуге үйреніп бір-бірімен танысады |
| **Тілдік мақсаттар** | Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу. |
| **Құндылықтарға баулу** | Көркем еңбек. |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Компьютер, интерактивті тақта |
| **Пәнаралық байланыс** | Басқаларды тыңдап, диалогқа қатыса отыра үйдегі және<br>мектептегі өмір туралы айта алады; |
| **Алдыңғы білім** | Басқаларды тыңдап, диалогқа қатыса отыра үйдегі және<br>мектептегі өмір туралы айта алады; |

**Сабақ барысы**

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>**10 минут** | **«Ыстық алақан»** әдісі арқылы оқушылар бір – біріне деген жылы тілектерін айтады. Оқушылар бір – біріне сабақта сәттілік тілейді.<br>Мақсаты: жылы сөздер айту.<br>**«Тәтті кәмпит»**<br>Мақсаты: топқа бөлу. Оқушылар дорбадан кәмпит алады, егер кәмпит түстері бірдей оқушылар топқа бөлінеді.<br>Тақтадағы сурет арқылы кейіпкер Ботамен таныстыру. Оларға «Дүниетану» сабағында немен айналысатыны туралы хабарлау. Оқушылардың пікірін тыңдау. | Шаттық шебері |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың ортасы**<br>**25 минут** | **Оқулықпен жұмыс.**<br><br>Сабаққа дейін қабырғаға «МЕН» сөзі жазылған шарды бекітемін. Бота шарын сабаққа алып келе жатқан кезде жоғалтып алғанын айтыңыз. Оқушыларға шарды табуға көмектесуге ұсыныс беріңіз. Шарда жазылған сөзді кімнің оқи алатынын сұраңыз. Олар бұл сөздің нені білдіретінін айтады.<br>**Жауабы:** «Мен» – бұл мен туралы айтылған сөз. Егер адам өзі туралы айтса, «мен» дейді. «Мен» сөзін хормен айтқызу.<br><br>**«Салыстыру» әдісі.**<br>Суреттерге қара. Кімдерді көріп тұрсың?<br>Суреттегі адамдарды салыстыр.<br>Ұқсастығы мен айырмашылығын анықта.<br>Мұғалімнің белгісі бойынша оқушылар тез арада мынадай ерекшеліктері бойынша топтарға жиналады:<br>– көзі қара/мөлдір;<br>– шашы ұзын/қысқа;<br>– аяқкиімінің түсі қара;<br>– есімдері бірдей және т.б<br>**1-жұмыс парағы. Менің досым қандай?**<br>Досыңның суретін сал. Оның көңіл-күйін көрсетуге тырыс.<br><br>**Зерттеу әдісі**<br>• Бір-біріңе қара.<br>• Араларыңда бір-бірінен айнымайтын екі адам бар ма?<br>• Адамдардың ұқсастығы мен айырмашылығы туралы өз ойларыңды айтыңдар.<br>**Жауабы:** Есімнің нені білдіретінін айту.<br>**ҚБ.Әрбір адам ерекше.Анықта.**<br>**Ж.**. **«Орындап көр».** Бұл тапсырманың мақсаты – бір-біріне жақсы көзқарас қалыптастыру үшін мектеп ұжымында іс-әрекетке, әдеттерге және тәртіпке қатысты ережелерді сақтауы тиіс екенін көрсетемін.<br>**«Өрмек» жаттығуы**<br>Орам жіпті оқушыларға беремін. Орам жіпті алған оқушы есінде қалған оқушының есімін атайды, оған қысқаша тілек айтады. Жіптің ұшын өзі ұстап тұрып, орамды басқа балаларға береді.<br>**«Арқамен арқа»**<br>Мақсаты: сергіту сәті. | «Мен» сөзі жазылған шар,<br><br>Ботаның суреті<br>барлық оқушылар<br>дың есімдері жазылған конверттегі хат<br><br>есімдері жазылған бейджиктер,<br><br>фотосуреттер<br><br>әдеп ережелері |
| **Сабақтың соңы**<br>**5 минут** | **«Ұйқас» тапсырмасы**<br>Оқушылар «иә» немесе «жоқ» деп жауап беруі тиіс.<br>Біздің әрқайсымыз ерекшеміз? Иә.<br>Әрқашан ереже сақтаймыз ба? Иә.<br>Біз барлығымыз бірдейміз. Жоқ.<br>Сенің есімің түсініксіз ұғымды білдіреді? Жоқ. | «Тамаша!»<br>Жақсы жауап бердіңдер! |

| | | |
|---|---|---|
| **Саралау –** Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз? | **Бағалау –** Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау |
| «Ыстық алақан»<br>Мақсаты: жылы сөздер айту.<br>«Тәтті кәмпит»<br>Мақсаты: топқа бөлу<br>Ширату<br>кейіпкер Ботамен таныстыру. Оларға «Дүниетану» сабағында немен айналысатыны туралы хабарлау. | Оқушылар<br>– сыныптастар арасындағы ұқсастық пен айырмашылық туралы;<br>– әр адамның ерекшелігі және бірегейлігі туралы;<br>– өз есімінің, сыныптас оқушылардың есімдерінің мағынасы туралы;<br>– іс-әрекетке, әдеттерге және тәртіпке қатысты ережелерді сақтау қажеттілігі туралы білді.<br>Оқушылар<br>– өзі туралы әңгімелеуге, сыныптастарын есімдерімен атауға;<br>– сыныптастары арасындағы айырмашылық пен ұқсастықты табуға;<br>– Қарым-қатынас және тәртіп ережелерін сақтауға үйренді. | |
| ***Сабақ бойынша рефлексия*** | «Ду қол шапалақ» | |

**Жалпы бағалау**
**Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)?**
**1:**

**2:**
**Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?**
**1:**

**2:**
**Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/ қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет?**

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.